

«ИЛІЯС ЖАНСУГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ  
НАО «ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА»  
NP JSC «ZHETYSU UNIVERSITY NAMED AFTER ILYAS ZHANSUGUROV»

**БЕКІТІЛДІ/ УТВЕРЖДЕНА/ APPROVED**

Басқарма отырысында/на заседании Правления/  
at the meeting of Board /

Хаттама/ Протокол/ Protocol № 9 «15» 04 2025

Басқарма төрағасы – Ректор/ Председатель  
Президиия Ректор/ Chairman of the Board-Rector



з.ғ.д., профессор Е. Бурибаев/  
to.n., профессор Е. Бурибаев /  
d.s., professor Y. Buribayev

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА  
EDUCATIONAL PROGRAM**

6B01602 – Тарих және қоғамтану (IP)  
6B01602 – История и обществознание (IP)  
6B01602 –History and social science (IP)

**БАКАЛАВРИАТ  
BACHELOR'S DEGREE**

Талдықорған/ Талдықорған/ Taldykorgan, 2025

6В01602-«Тарих және қоғамтану» (IP) білім беру бағдарламасы келесідей нормативтік құжаттарға сәйкес құрастырылды:

1. Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. № 319-III бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Заңы;
2. ҚР Білім және ғылым министрінің 20.04.2011 ж. №152 бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидасы;
3. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Әзірлеушілер:


Білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша Академиялық комитет төрағасы		Ишкалова Гульбану Исмагуловна, PhD, Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша Академиялық комитет мүшелері		
Академиялық персонал		Калиева Бекзат Тынысбековна, PhD, Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушы-дәріскері
		Нурланова Гульнур Нығметдолдановна, магистр, Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушы-дәріскері
Жұмыс беруші-кеңесшілер		Замзина Карлыгаш Келисовна, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған бойынша білім бөлімі» ММ Талдықорған қаласы М.Жұмабаев атындағы № 19 орта-мектеп гимназиясының директоры
		Байгенженова Алтыншаш Арысбаевна, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған бойынша білім бөлімі» ММ «№ 4 орта мектеп» КММ директоры
Білімгер-кеңесшілер (студент)		Айдынкызы Дильназ, гуманитарлық факультет «Тарих» ББ 3-курс студенті

Білім беру бағдарламасы талқыланды және бекітуге ұсынылды:

Университеттің Академиялық Кеңесі

Хаттама № 7 «26» 03 2025ж.

Университеттің Академиялық Кеңесі төрағасы

 Б. Таубаев

Гуманитарлық факультет кеңесі

Хаттама № 6 «25» 02 2025ж.

Гуманитарлық факультет деканы м.а.

 Е. Буланов

Гуманитарлық факультетінің Академиялық комитеті

Хаттама № 7 «24» 02 2025 ж.

Факультеттің Академиялық комитеті төрағасы

 Г. Сырлыбаева

# 1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## 1.1 Контекст

*Тіркеу нөмірі:* 6B01600077

*Білім беру саласының коды және жіктелімі:* 6B01 Педагогикалық ғылымдар

*Дайындық бағытының коды және жіктелімі:* 6B016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау

*Білім беру бағдарламасының тобы:* B015 Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау

*Білім беру бағдарламасының атауы:* 6B01602 Тарих және қоғамтану (IP)

*Білім беру бағдарламасы түрі:* инновациялық БББ

*Бағдарлама түрі:* Бірінші цикл: бакалавриат 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ББХСЖ

*Берілетін дәреже:* 6B01602 Тарих және қоғамтану білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

*Кредиттердің жалпы көлемі:* 240 академиялық кредит

*Типтік оқу мерзімі:* 4 жыл

*Оқыту тілі:* қазақ, орыс

*Білім беру қызметімен айналысуға лицензия:* Білім беру бағдарламасы 2020 жылдың 24 тамызында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті берген 6B016 - «Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау» бағыты бойынша KZ49LAM00007465 лицензияға қосымшасы негізінде жүзеге асырылады.

### **Аккредитация.**

**1) Институционалды аккредиттеу:** Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі, куәлік HE-IA-000010 23.04.2024 ж., аккредитацияның әрекет ету мерзімі 23.04.2024 ж. - 22.04.2029 ж.

**1) Мамандандырылған аккредиттеу:** -

**2) ББ рейтингі:** -

### **ББ даярлаудың кәсіби стандарттары**

6B01602-Тарих және қоғамтану (IP) білім беру бағдарламасы «Педагог», «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттар» кәсіби стандартына сәйкес әзірленген.

Бұл 6B01602-Тарих және қоғамтану (IP) білім беру бағдарламасы әртүрлі қазақстандық жоғары оқу орындарының ынтымақтастығымен және халықаралық консультанттарды тарта отырып әзірленген, педагогтарды даярлауға арналған ұлттық білім беру бағдарламасы болып табылады.

**Жетекші университет:** Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

**Қатысушы университеттер:** Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

## 1.2 I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі орны

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті кең ауқымды мамандықтар бойынша үш сатылы кадрлар даярлауды (бакалавриат, магистратура және PhD докторантура) жүзеге асыратын Жетісу облысындағы ірі өңірлік көп салалы жоғары оқу орны болып табылады.

**Миссиясы:** Жетісу облысы және Қазақстан Республикасының экономикасының индустриалды-инновациялық дамуының қажеттіліктерін қанағаттандыратын бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау.

### **Стратегиялық мақсат:**

1. Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету;  
2. Әлемдік үрдістер контекстінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту.

Университеттің ұлттық және халықаралық рейтингтердегі орны:

3. UI GreenMetric World University Rankings 2024 рейтингісінен әлемде 804 – орынды, Қазақстанның 28 ЖОО арасында 10-орын;

4. QS World University Rankings: Asia 2025 рейтингісінен 701 – 750 орынға, QS World University Rankings: Asia 2025 – Central Asia рейтингісі бойынша 46 - орын;

5. ARES рейтингінде ҚР 95 ЖОО арасында 6-орын

### **1.3 Білім беру бағдарламасының бейіні**

**Негіздеме:** Білім беру бағдарламасы 6B01602-Тарих және қоғамтану (IP) білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін беру арқылы педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған. Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жанартуға байланысты бәсекеге қабілетті тарихшы мамандарын даярлауға бағытталған құндылықтардың жаңа жүйесін қалыптастыру қажеттілігінен туындаған мәселерді қарастырады.

Қазақстанның бірыңғай әлемдік білім беру кеңістігіне енуіне байланысты дәстүрлі білім білім берудегі білім алушы пассивті объектісінен белсенді субъект ретінде білім алушы болып қалыптасуы және мұғалімнің рөлі мен қызметінің өзгергенін бағдарламада сипатталады.

**Экономика сұраныстарына сәйкес еңбек нарығын зерттеу:** Аймақтың әлеуметтік – экономикалық дамуының ерекшелігі, Жетісу облысының индустриалдық дамуының бағдарламасы мамандарға, ғылыми және педагогикалық кадрларға тапшылықты қамтамасыз ету үшін І.Жансүгіров атындағы ЖУ жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беруді көздейді. Бұл өз кезегінде нарықтық қажеттілікті және ҚР білім беру саясатын ескере отырып қолда бар ресурстарды ББ іске асыруда ұтымды және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді: кадрлық әлеует, материалдық-техникалық база, ақпараттық ресурстар, оқыту мекемелерімен арадағы серіктестік қатынастар.

Жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынасты талдау Тарих және қоғамтану (IP) мамандығын бітірушілерге деген сұраныстың тек Талдықорған қаласы бойынша ғана емес, сонымен қатар Жетісу облысы бойынша және ғылыми-зерттеу орталықтарының, басқарудың мемлекеттік органдарының білім беру жүйесінде өте жоғары екендігін көрсетіп берді.

Тарих және қоғамтану (IP) ББ мамандарын даярлау сапасы туралы жұмыс берушілердің көзқарасын зерттеу білімгерлердің педагогикалық іс-тәжірибеден өту үрдісі кезінде, сондай-ақ жұмысқа тұру мен жұмыс берушілердің пікірлері негізінде іске асырылады. Оның негізінде білімгерлер іс-тәжірибе жетекшілерінен, мектеп директорларынан мінездеме алады. 6B01603-Тарих және қоғамтану (IP) ББ білімгерлерінің мінездемелерінде теориялық дайындықтың жоғары деңгейі, алған білімді іс жүзінде пайдалана білуі және олардың қазіргі заманға сай болашақ педагог талаптарына сәйкестілігі көрініп тұрады.

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Сапалы кәсіби білім беру, тарих пен қоғамтануды оқытудағы кәсіби құзыреттілікке, білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуге, әлеуметтік ұтқырлыққа ықпал ететін әмбебап және пәндік-мамандандырылған құзыреттерге ие, бәсекеге қабілетті және еңбек нарығында сұранысқа ие тарихшы-қоғамтанушы педагогтарды дайындау.

### **Бағдарламаның ерекшелігі:**

<i>Кәсіби қызмет саласы</i>	Білім беру саласы
<i>Кәсіби қызмет объектісі</i>	Орта білім беретін мектептер, лицейлер, гимназиялар, колледждер
<i>БББ филиалы</i>	«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «№ 17 орта мектебі» КММ.
<i>Практика базалары</i>	- Түлектердің кәсіби компетенцияларының шыңдалу тәжірибесінің базасы орта білім беретін мектептер болып табылады; - «Жетісу облысының Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі» МКҚК;

	- «Жетісу облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталығы» КММ, «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ; - Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты.
<i>Академиялық ұтқырлық бойынша оқу мүмкіндігі</i>	Білім алушылар сыртқы және ішкі ұтқырлық (Қазақстан және ТМД, сондай-ақ шетелдік әріптес ЖОО; Цюрих университетінің әлеуметтік және мәдени антропология Департаменті аясында академиялық ұтқырлықты кеңейту мүмкіндігіне ие.
Стипендиалық бағдарламалар	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, жергілікті атқарушы органдардың гранты

#### **1.4 Түлектің бейнесі**

##### ***Дублин дескрипторларына сәйкес түлектің атрибуттары:***

- 1) осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету;
- 2) кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу;
- 3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру;
- 4) оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану;
- 5) оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары;
- 6) ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану;
- 7) оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті білу және түсіну;
- 8) академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну.

##### ***ББ түлегінің құзыреттіліктері:***

**ТҚ1** – Болашақ мұғалімдердің оқу туралы негізгі білімі мен түсінігі бар және оқу/оқыту процесінде оқушылардың әртүрлілігін ескере алады, сонымен қатар олардың өмірлік және оқу контекстін ескере отырып, олардың психологиялық әл-ауқатын этикалық тұрғыдан қолдауға қабілетті.

**ТҚ2** Болашақ мұғалімдер білім беру ортасының әртүрлі типтеріндегі оқу және көшбасшылық процестерін педагогикалық мағыналы түрде жобалауға, жүзеге асыруға, бағалауға және дамытуға, соның ішінде тәрбиешінің оқытуды қолдайтын әртүрлі цифрлық ресурстарды пайдалану мүмкіндігіне ие.

**ТҚ3** – Болашақ мұғалімдер әртүрлі интерактивті көп мәдениетті қарым-қатынастар мен қоғамдарда, осы қызмет түрінің алдында қойылған мақсаттарды ескере отырып, офлайн да, онлайн да сындарлы сөйлесе алады;

**ТҚ4** – Болашақ мұғалімдер әртүрлі кәсіби желілік қауымдастықтарда жұмыс істей алады, сондай-ақ сындарлы меншік педагогикалық және қоғамдық қызметке қажетті кәсіби қарым-қатынасты түзе алады.

**ТҚ5** – Болашақ мұғалімдер орта білім берудегі үш тілдік білім беру шеңберінде оқыту мүмкіндігіне, сондай-ақ педагогтың жаһандық білім беру қауымдастығына қатысу қабілетіне ие.

**ТҚ6** – Болашақ мұғалімдер халықаралық және ұлттық келісімдер және құжаттармен, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымдарымен, мекемелерінің жұмысына және өзінің қызметіне әсер ететін ұлттық білім беру қағидаттарымен, заңнамаларымен және ережелерімен таныс.

**ТҚ7** – Болашақ мұғалімдер ұйымының қызметіне байланысты өз қызметін қарастыруға; өзара және мектептен тыс серіктестер (отбасы, аймақтық субъектілер, еңбек қызметі арасында оң көзқарас пен көп бейінді серіктестікті құру бағытында парасатты жұмыс істеуге қабілетті.

**ТҚ8** – Болашақ мұғалімдер ойлауға, сондай-ақ өзінің құндылықтарын, ұстанымдарын, этикалық қағидаттары мен жұмыс істеу әдістерін сыни тұрғыдан бағалауға, сонымен қатар меншік педагогикалық дамуы, ұйымының дамуы мен кәсіби өркендеуі жолында жаңа мақсаттар қоюға қабілетті.

**ТҚ9** – Болашақ мұғалімдер аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде күтілетін өзгерістерге байланысты өздерінің педагогтік қызметін, жұмыс істейтін ұйымдарының қызметін дамыту қабілетіне ие.

**ТҚ10** – Болашақ мұғалімдер әртүрлі сенімді көздерден және әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен теориялық білімді өндіріп, іздеп, сыни іріктей алады, тәжірибелік біліммен қосылып, олар оның өзінің, оның қауымдастығы ұстанатын теорияларды дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар оқытудың алға басуы мен меншік кәсіби өсуі үшін білімді қолдануға қабілетті және дайын.

**ТҚ11** – Болашақ мұғалімдер тарихи таным әдістерін меңгереді;

**ТҚ12** – Болашақ мұғалімдер тарихи үрдістерді біледі және түсінеді;

**ТҚ13** – Болашақ мұғалімдер негізгі тарихи ұғымдар мен терминдерді қолдана алады;

**ТҚ14** – Болашақ мұғалімдерде тарихи құбылыстар мен үрдістерді, сондай-ақ әртүрлі тарихи дереккөздерді талдау дағдылары дамыған;

**ТҚ15** – Болашақ мұғалімдердің тарихи хронологияны, кеңістіктік және тарихи ойлауды қолдану білімі мен дағдылары бар;

**ТҚ16** – Болашақ мұғалімдер патриотизм, ұлттық бірлік және дәстүрлерді сақтау рухында тұлға сезімін дамытады;

**ТҚ17** – Болашақ мұғалімдер гуманистік және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде құқықтық құндылықтар, заңға бағынатын және жауапты азамат әлеуметтік үрдістің субъектісі ретінде идеяны қалыптастырады;

**ТҚ18** – Болашақ мұғалімдердің тарихи зерттеу әдістемесін білуі және олардың сыни ойлау мәдениеті;

**ТҚ19** – Болашақ мұғалімдер тарих ғылымының теориясы мен әдіснамасы саласындағы негізгі білім негізінде ғылыми мәселелерді тұжырымдау және шешу, сондай-ақ зерттеулерде пәнаралық білімді қолдану қабілетіне ие.

**ТҚ20** – Болашақ мұғалімдер табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми әрі философиялық таным әдістерімен ғылыми түсіну мен зерттеуді қамтитын философия негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған ортаны бағалай алады.

**ТҚ21** – Болашақ мұғалімдер мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіре алады.

**ТҚ22** – Болашақ мұғалімдер Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең түсініп, ғылыми талдау жасай алады.

**ТҚ23** – Болашақ мұғалімдер Қазақстанның тарихи оқиғаларының себептері мен салдарын талдай алады.

**ТҚ24** – Болашақ мұғалімдер өзінің моральдық және азаматтық ұстанымдарын дамыта алуы және қоғамның әлеуметтік, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларына сәйкес әрекет ете алады.

**ТҚ25** – Болашақ мұғалімдер әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық білімдерінің негіздерін біледі және түсінеді, өзінің жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсете алады.

**ТҚ26** – Болашақ мұғалімдер әлеуметтік және өндірістік саладағы жағдайларға баға беріп, болып жатқанның барлығына өзінің берген бағасын дәлелдей алады.

**ТҚ27** – Болашақ мұғалімдер тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың түрлі саласында жағдайды бағалай алады; қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша/жазбаша қарым-қатынас жасай алады.

**ТҚ28** – Болашақ мұғалімнің өзінің жеке қызметінде ақпараттық-байланыстық технологияның түрлерін – ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау, тарату үшін интернет-ресурстарды, бұлтты және мобильді сервистерді пайдалану мүмкіндігіне ие.

**ТҚ29** – Болашақ мұғалімдер дене тәрбиесі әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметін қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстана алады.

**ТҚ30** – Болашақ мұғалімдер әдіснама мен талдауды таңдай, ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдерін қолдана, сондай-ақ жаңа білімді түзей алады.

**ЖБП циклінің міндетті пәндерін оқып бітіргеннен кейін білім алушы:**

1) ғылыми және философиялық таным әдістерімен табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми ұғыну мен зерделеуді қамтамасыз ететін философия негіздерін білумен қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған болмысты бағалайды;

2) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіндіреді;

3) әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан барлық жағдайларға өз бағасын береді;

4) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшелігін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын танытады;

5) Қазақстан тарихы оқиғаларының себептері мен салдарларын талдау үшін тарихи сипаттаудың әдістері мен тәсілдерін пайдаланады;

6) әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі білімін ескере отырып, тұлғааралық, Әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалайды;

7) интегративті процестердің заманауи өнімі ретінде осы ғылымдардың білімін синтездейді;

8) нақты ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілдерін қолданады;

9) өзінің адамгершілік және азаматтық ұстанымын дамытады;

10) қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларымен жұмыс істейді;

11) жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді;

12) әлемде танылған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді практикада қолданады;

13) әдіснама мен талдауды таңдауды жүзеге асырады;

14) зерттеу нәтижелерін қорытындылайды;

15) жаңа білімді синтездейді және оны гуманитарлық қоғамдық маңызы бар өнім түрінде ұсынады;

16) тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіптік) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияға түседі;

17) грамматикалық білім жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалануды жүзеге асыру; қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпаратты талдау;

18) коммуникацияға қатысушылардың іс-әрекеттері мен іс-әрекеттерін бағалайды;

19) жеке қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет-ресурстарды, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату жөніндегі бұлтты және мобильді сервистерді пайдаланады;

20) өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіптік қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына бағдарланады;

21) Қазақстан тарихының негізгі заңдылықтарын, философиялық, әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық білім негіздерін, қазақ, орыс және шет тілдеріндегі ауызша және жазбаша нысандағы коммуникацияларды біледі және түсінеді;

22) игерілген білімді өзгеріп жатқан әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімдеу үшін қолданады;

23) әлеуметтік құбылыстарды, процестер мен проблемаларды сандық және сапалық талдау дағдыларын меңгереді.

### **Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

**ОН1** – Әлем және Отан тарихындағы тарихи оқиғаларды, үдерістер мен құбылыстарды өзара байланыста талдайды, жалпыны салыстырып, белгілі бір фактілерді бөліп көрсетеді;

**ОН2** – Өзекті қоғамдық құбылыстар мен үдерістерге бағдарланады; қазіргі қоғамдағы діни және рухани-мәдени құбылыстар мен үдерістерді талдайды және бағалайды, оған қатысты өзінің азаматтық ұстанымын көрсетеді;

**ОН3** – Қазақстандық қоғамның әлеуметтік, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларына сәйкес дүниетанымдық, тарихи және адамгершілік даму үшін пәнаралық білім мен тәжірибені қолданады;

**ОН4** – Тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, инклюзивті тәсілдер қағидаттарын ескере отырып, мектеп жасындағы балалардың өмірі мен қызметін тәрбиелеу, дамыту, ұйымдастыру үшін педагогика мен психология бойынша білімді қолдануға қабілетті;

**ОН5** – Тұлғааралық, әлеуметтік, кәсіптік және зерттеу қызметі деңгейінде қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде сындарлы қарым-қатынас жасауға және өзара іс-қимыл жасауға қабілетті;

**ОН6** – Тарих және қоғамтану бағытында жаңа білімді синтездеу үшін ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, зерттеу бағыты мен әдіснамасын тандауды жүзеге асырады;

**ОН7** – Заманауи тәсілдер мен әдістерді қолдана отырып, қажетті ақпаратты іздейді, деректерді жинайды, тарихи дереккөздермен, архив материалдарымен, музей экспонаттарымен жұмыс істейді.

**ОН8** – Мектепте тәрбие мен білім беру үдерісін ұйымдастыру және басқару бойынша дағдыларды, жалпы орта білім беруді дамыту саласындағы менеджмент негіздерін және кәсіпкерлік икемділік-дағдыларын қолданады;

**ОН9** – Жалпы орта білім беретін ұйымдағы тәрбие және білім беру үдерісіне мониторинг жүргізуге, олардың нәтижелерін талдауға және бағалауға қабілетті;

**ОН10** – Педагогикалық этика нормалары мен академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, жалпы орта білім беру саласында және гуманитарлық ғылым бағытында жергілікті, өңірлік және республикалық деңгейде өз бетінше және командада зерттеу жұмыстарын жүргізуге қабілетті;

**ОН11** – Өмір бойы кәсіби даму мен білім алуға қабілетті; өзінің құндылықтарын, көзқарастарын, этикалық принциптерін, жұмыс әдістерін ойластырып, сыни тұрғыдан бағалайды, сондай-ақ тұрақты даму, ұйымы мен өзінің кәсіби әл-ауқатын дамыту мүддесінде мектепте тарихи, қоғамтанулық білім беруді жетілдіру үшін жаңа мақсаттар қояды;

**ОН12** – Ата-аналар және педагог қауымымен ынтымақтастық әрі өзара шығармашылық байланыс шеңберінде қолайлы ахуал жасау үшін эмоционалды интеллект дағдылары мен көшбасшылық қасиеттерін дамытуға қабілетті.

### ***Жұмысқа орналасу мүмкіндігі:***

Жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынасты талдау І.Жансүгіров атындағы ЖУ түлектерінің Талдықорған қаласының және Жетісу облысының білім беру жүйесінде жоғары сұранысқа ие екендігін көрсетті.

### ***Бітіруші келесідей ұйымдар мен мекемелерге жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие:***

жалпы білім беретін орта мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, колледждердің тарих мұғалімдері; тарих бойынша зерттеу үйірмелерінің жетекшілері, мұражайлар мен мұрағат

мекемелерінің мамандары; тарих бойынша ҰБТ-ға дайындық үшін репетиторлар, жергілікті білім басқармасы және әкімдіктердің мамандары.

Тарих бакалавры "Тарих және қоғамтану" мамандығы бойынша магистратурада оқуды жалғастыруға құқылы.

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

### 2.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль №	Модуль атауы және коды	Пән атауы және №	Ак. кредит тер	Пән циклы	Модуль бойынша оқыту нәтижелері
1.	ӘГ-1 «Әлеуметтік-гуманитарлық»	1) Қазақстан тарихы 2) Философия 3) Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, психология) 4) Экономика және кәсіпкерлік негіздері 5) Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері 6) Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет 7) Ғылыми зерттеу әдістері 8) Илиястану 9) Қаржылық сауаттылық негіздері 10) Дене шынықтыру	31	ЖБП	Әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі білімін ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы жағдайларға баға беру; өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім траекториясын құру, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстану.
2.	БМТҚ-2 «Болашақ мұғалімдерді тұлға ретінде қолдау»	1) Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен қарым-қатынас тұжырымдамалары 2) Балалардың жас және физиологиялық даму ерекшеліктері 3) Білім туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары 4) Инклюзивті білім беру	17	БП	Білім алушылардың дара қажеттіліктерін және оқытудағы дара айырмашылықтарды түсінуге көмектесетін келтірілген психологиялық теориялар, тұжырымдар мен

		ортасы 5) Оқытуды жоспарлау және оқытуды дербестендіру			үлгілер педагогикалық мамандық болашақ мұғалімдерінің бойында оқытуды дараландыру және оқыту барысында білім алушылардың алуандығын ескеруге мүмкіндік беретін құзыреттіліктерді қалыптастырады. Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын құру және қолдау арқылы модуль білім алушылардың амандығын арттыру маңыздылығына басты назар аударады.
3.	ОҰБ-3 «Оқыту және үйрету үшін бағалау»	1) Оқыту әдістері мен технологиялары 2) Бағалау және дамыту	9	БП	Педагогикалық жоғары оқу орындары болашақ мұғалімдерінің бойында интерактивті және студенттерге бағдарланған оқытуды жүргізу мен оқыту мақсаттарына сәйкес бағалау құзыреттіліктерін қалыптастырады. Модуль сандық құралдар мен технологияларды қолдануға, қоғам мен білім беру ортасындағы тұрақты өзгерістер жағдайында педагогикалық технологияларды жаңарту және қолдануға басты назар аударады. Бұл модуль педагогикалық

					мамандық болашақ мұғалімдерінде меншік педагогикалық қызметін жақсарту үшін әртүрлі әріптестік бірлестіктерде қарым-қатынас құру және серіктестік құзыреттіліктерінің дамуына ықпал етеді.
4.	МРП-4 «Мұғалім-рефлексиялық практика иесі»	1)Педагогикалық зерттеулер 2)Зерттеулер, даму және инновация	9	БП	Педагогиканың әдіснамалық негіздерін зерттеуге бағытталған және педагогикалық зерттеулер оқыту практикасында қалай әсер ететіні жайлы түсінікті қалыптастырады. ЖОО студенттерінің бойында өзін мұғалім ретінде сезіну және өзінің педагогикалық қызметін жетілдіру үшін рефлексия дағдыларын, сондай-ақ үздіксіз білім алуды қамтамасыз ету үшін педагогикалық дамудың жаңа мақсаттарын қою қабілетін дамытуға ықпал етеді. Модульде сондай-ақ мұғалім жұмысының этикалық тұстары және олардың дамуы да қаралады.
5.	МОФ-5 Мұғалім – оқу фасилитаторы (педагогикалық практика)	1) Мұғалім кәсібіне кіріспе (педагогикалық практика) 2) Психологиялық және педагогикалық бағалау (педагогикалық практика) 3) Педагогикалық тәсілдер	25	БП	Екі оқу жылы ішінде педагогикалық практикадан өту арқылы теориялық білімді практикалық

		(педагогикалық практика) 4) Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар (педагогикалық практика)			дағдыларға айналдыруға, сондай-ақ бүгін және болашақта мұғалім мамандығына қойылатын талаптарға жауап беретін мұғалімнің кәсіби сәйкестігін қалыптастыруға бағытталған. Модуль барысында болашақ мұғалімдер кәсіби өсудің үздіксіз үдерісіне ықпал ететін тәжірибеге бағытталған зерттеу дағдыларын қалыптастырады. Педагогикалық практика төрт кезеңнен тұрады, әр оқу жылына бір реттен, олардың әрқайсысының өзіндік нақты оқу нәтижелері бар, онда болашақ мұғалімдердің құзыреттері танысу мен бақылаудан бастап білім беру үдерісін жобалауға және өз сабақтарын өткізуге, сондай-ақ тәжірибеге бағытталған зерттеу қызметі арқылы өз жұмыс ортасын дамытуға дейін біртіндеп тереңдей түседі.
6.	АК-6 «Ақпараттық-коммуникативті»	1) Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар 2) Шетел тілі 3) Қазақ (орыс) тілі 4) Жасанды интеллект негіздері 5) Қашықтықтан білім	30	ЖБП  БеП	Жеке қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін пайдалану: интернет-ресурстар, ақпаратты іздеу,

		берудің әдістемесі мен технологиясы 6)Көрнекі тарих 7)Қолданбалы мінез-құлықты талдау негіздері			сақтау, өңдеу, қорғау және тарату жөніндегі бұлтты және мобильді сервистер; тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіптік) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда байланыс орнату.
7.	ТБҚК-7 «Тарихтың біртұтастығы мен көптүрлілігі және оның концепциялары»	1) Ежелгі өркениеттер және антикалық әлем 2) Орта ғасырлардағы Шығыс және Батыс 3) Жаңа замандағы әлем (Шығыс) 4) Жаңа замандағы әлем (Батыс) 5) Шығыстағы ұлттық тәуелсіздік үшін қозғалыс пен даму жолдарын іздеу 6) Қазіргі әлемдегі Батыстың өркениетті дамуының ерекшеліктері	27	БеП	Әлем тарихындағы үдерістер мен оқиғалар туралы негізгі білімді береді. Болашақ мұғалімдер тарихшының негізгі дағдылары мен кәсіби құзыреттерін дамытады Модуль аясында ұсынылатын пәндер болашақ мұғалімдер маңызды тарихи ұғымдарды анықтап, қолдана алатындай, өткен және қазіргі уақытты салыстыра отырып, оқиғаларды түсіндіре алатын, әртүрлі тарихи өркениеттердің дамуының ықтимал жолдарын болжайтындай, тарихтың бірлігі мен алуандығын түсінетіндей жағдай жасайтын, зияткерлік-ынталандырушы оқу ортасын құруға бағытталған.
8.	ҚТҚК-8 «Қазақстан	1) Ежелгі Қазақстанның тарихы мен мәдениеті	27	БеП	Қазақстан аумағындағы

	тарихы. Құндылықтар және көзқарастар»	2) Ортағасырлық Қазақстанның тарихы, мәдениеті және құқығы 3) Қазақ қоғамының трансформациясы: тарихи динамикасы 4) Қазақстанның қазіргі заман тарихы 5) Қазақстанның зияткерлік тарихы / Өткен дәуірдегі және қазіргі түркі өркениеті / Кеңестік Қазақстанның күнделікті тарихы 6) Қазақ халқының ұлт-азаттық күресі / Алаш қозғалысының тарихы / Қазақстанда ұжымдастыру			мемлекеттіліктің қалыптасуының негізгі кезеңдері, қазақтардың этногенезі, көшпелілер өркениеті жүйесі туралы түсінік береді. Модуль курстары студенттің тарихи ойлауын, өз елінің тарихына деген құрметін қалыптастырады; Қазақстан тарихын зерттеуге кешенді, жүйелі көзқарас негізінде зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамытуға жағдай жасалады.
9.	ҚТ-9 «Қолданбалы тарих»	1)Археология 2)Этнология 3) Қосалқы тарихи пәндер 4)Тарихты оқыту әдістемесі 5) Тарихи өлкетану / Тарихи география / Тарихи демография	22	БеП БП БеП	Оқу барысында болашақ мұғалімдер әртүрлі тарихи ақпарат көздерін және олардың табиғатын анықтауға жаттығады. Дәлелді мәліметтер бойынша болшақ мұғалімдердің тарихи құбылыстардың ақпараттық құрылымын түсіну дағдылары қалыптасады.
10.	ТҒҒЗЖ-10 «Тарих ғылымындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары»	1)Деректану 2)Тарихнама 3) Академиялық жазылым 4) Қазіргі зерттеулердегі пәнаралық тәсіл 5) Оқу практикасы (археологиялық, мұрағаттық, мұражайлық) 6) Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	28	БеП МК	Студенттер тарихи зерттеулерді жүргізуде білім мен дағдыларды алатын пәндер мен тәжірибе түрлері бар. Болашақ мұғалімдер тарихта қолданылатын негізгі ғылыми зерттеу құралдарымен

					таныстырылады. Тарихи дереккөздерді талдау әдістері, соның ішінде тарихи дереккөздерді өңдеудің цифрлық әдістері туралы білім береді. Модуль болашақ мұғалімдердің зерттеу негізінде қорытынды жасауға және оларды жазбаша және ауызша жеткізуге мүмкіндік береді.
11.	ҚҚД-11 «Қоғам. Құқық. Дін»	1) Қазіргі Қазақстандағы дін және құқықтық реттеу 2) Қоғамтану 3) Мемлекет және құқық теориясы және тарихы 4) Әлемдік діндер тарихы / Қазіргі әлемдегі интеграциялық және дезинтеграциялық үдерістер / Дін әлеуметтануы	15	БеП	Модуль қоғамды азаматтық, этномәдени, конфессиялық қауымдастық ретінде қарастыра отырып, оның құрылымдары туралы білім мен түсінікті қалыптастырады. Саяси, рухани, құқықтық және пәнаралық сипаттағы әлеуметтік құбылыстарды анықтау және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын қалыптастырады.

## 2.2 Пәндер бойынша мәлімет

№	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптас тыратын оқу нәтижелері (коды)
<b>Жалпы білім беретін пәндер циклы</b> <b>Міндетті компонент</b>				
1.	Қазақстан тарихы	«Қазақстан тарихы» оқиғалар мен фактілерді қайта бағалаумен байланысты тарих ғылымының соңғы мәліметтерін ескере отырып, ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан аумағындағы	5	ОН1

		адамзат қоғамының даму тарихын оқытады. Курсты оқу кезінде Қазақстанның әлеуметтік-мәдени, саяси, экономикалық және геосаяси жағдайының ерекшелігіне назар аударылады. «Қазақстан тарихы» пәнінің зерттеу аясы қазақ этносының, мемлекеттік-құқықтық жүйенің, шаруашылықтың, мәдениеттің, тарихтың әртүрлі кезеңдеріндегі қоғамдық және әлеуметтік қатынастардың пайда болуы мен дамуын зерттеу болып табылады.		
2.	Философия	Әлемдік және қазақ философиялық ойлар мен дүниетанымдық үрдістер дамуының негізгі кезеңдерін қарастырады. Болмыс пен сананың жалпы теориялық мәселелерін зерттейді, жалпы әлемді тану мәселелерін зерттеуде әлемдік философиялық ойлардың тәжірибесін сипаттайды. Әлемге біртұтас көзқарасын қалыптастыруға және қазіргі дәуірдің шындығын түсіндіруге бағытталған. Негізгі философиялық ұғымдар, категориялар мен философиялық таным әдістерін қарастырады.	5	ОН3
3.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Ақпаратты іздеу, жинау, сақтау, өңдеу және таратуға арналған ақпараттық технологиялар арқылы іске асатын кәсіби коммуникацияның заманауи әдістері мен құралдарын зерттейді. Мәліметтер базасы, кестелік процессорлар, е-технологиялар, Smart және бұлттық технологиялармен жұмыс істеу дағдысын дамытады.	5	ОН7
4.	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, психология)	Адам мен қоғам дамуының объективті және субъективті үдерістерін терең тануға қажетті заңдылықтарды, механизмдер мен фактілерді көрсететін әлеуметтік-саяси және психологиялық білімді қамтиды. Әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, психология - ғылыми пәндерінің арасындағы өзараәрекет ақпараттық толықтыру, ықпалдасу және зерттеу тәсілдерінің әдістемелік біртұтастығы қағидаларының негізінде іске асады.	8	ОН2
5.	Қазақ (орыс) тілі	Мәтін түрлерінің жіктелімін қамтиды. Қазақ (орыс) тілдерінің лексика, морфология және синтаксисін зерттейді. Тілді игеру деңгейіне сәйкес өмірдің әртүрлі саласы мен қоғам қызметіне байланысты лексикалық тақырыптарды меңгертуге бағытталған. Сөйлеу мәдениеті мен коммуникацияны қарастырады.	10	ОН5
6.	Шет тілі	Үш тұғырлы тілді оқытудың бейімделген ұлттық деңгейлік моделіне сәйкес А2, В1, В2 деңгейлерін (Шетел тілдерін меңгеру деңгейінің жалпыеуропалық шкаласы) меңгеруге бағытталған, шетел тілдерін оқыту мен күнделікті тұрмыста және кәсіби қызметте тәжірибелік меңгерудің заманауи үрдістерін қамтиды.	10	ОН5

7.	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру мәдениеті мен спорттың ерекшеліктерін зерттейді. Денешынықтыру мәдениеті сабағының оқу және оқудан тыс уақыттағы негізгі кезеңдерін қарастырады. Салауатты өмір салтын, студент тұлғасын, оның физикалық жетілдірілуі мен өзін-өзі реттеуін қалыптастыруға бағытталған.	8	ОН12
<b>Жалпы білім беретін пәндер циклы Таңдау компоненті</b>				
8.	1) Экономика және кәсіпкерлік негіздері	Мақсаты-студенттерді қазіргі қоғам өмірінің экономикалық проблемаларымен таныстыру, экономикалық ойлауды қалыптастыру және кәсіпкерлік саласындағы теориялық негіздер мен практикалық дағдылар саласында білім алу. Студенттерде экономиканың жұмыс істеу заңдылықтары туралы кешенді идеяны қалыптастыруға, кәсіпкерлік қызметтің әртүрлі салаларында қолданбалы құзыреттерді алуға бағытталған іскерлік білім алуға бағытталған, өз бизнесін құру және табысты жүргізу ерекшеліктерін ашады.	5	ОН3
	2) Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Мақсаты – экологиялық процестерді талдауға, антропогендік қызметтің әлеуметтік-экологиялық салдарын, төтенше жағдайларда қорғау әдістері мен технологияларын бағалауға мүмкіндік беретін Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері бойынша білім қалыптастыру. Адам денсаулығына экологиялық факторлардың әсерін бағалау дағдыларын қалыптастырады; тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру үшін экологиялық процестерді болжау; авариялардың, апаттардың, дүлей зілзалалардың ықтимал салдарын ескере отырып, қолайсыз экологиялық және төтенше жағдайларда шешімдер қабылдау.		ОН3
	3) Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	Мақсаты – білім алушыларды құқықтың негізгі салалары мен институттары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері, сондай-ақ мемлекет пен құқықтың пайда болу, даму және қызмет ету заңдылықтарымен таныстыру. Курс сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің дағдыларын және мемлекет пен қоғамдағы құқықтың негізгі функциялары, оның құқықтық мемлекеттің, азаматтық қоғамның дамуына әсері туралы теориялық білімнің жоғары деңгейін қалыптастырады.		ОН3
	4) Ғылыми зерттеу әдістері	Мақсаты - ғалымдардың қазіргі жетістіктеріне негізделген ғылыми зерттеулерді жүргізудің принциптері, технологиялары, практикалық әдістері мен тәсілдері туралы білімді қалыптастыру. Ғылыми		ОН 6

		мәдениет пен этиканың базалық негіздерін, ғылыми мәтіндерді икемді қабылдауды, ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру кезінде алған білімдерін тиімді қолдану дағдыларын, зерттеу нәтижелерін талдау және жалпылау қабілетін қалыптастырады.		
	5) Илиястану	Пәннің мақсаты Илияс Жансүгіровтың шығармаларын терең әрі жан-жақты зерделеу арқылы қазақ халқының әдебиетін, өнерін, дәстүрлерін, мәдениеті мен тілін бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары терең ойлы тұлғаны дамыту болып табылады. Илияс Жансүгіров шығармаларының қазақ әдеби тілін дамытудағы маңыздылығын түсінуді; зияткерлік-шығармашылық ойлау дағдыларын, ұлттық-рухани мұра құндылықтарын бағалай білуді қалыптастырады.		ОН 3
	6) Қаржылық сауаттылық негіздері	«Қаржылық сауаттылық негіздері» курсы жеке қаржыны басқару саласында білім мен дағдыларды алуға бағытталған. Сондай-ақ, курс аясында білім алушылар қаржы саласындағы барлық құралдарды іс жүзінде қолдануға, жинақтарды сақтауға және көбейтуге, бюджетті сауатты жоспарлауға, қаржылық ақпаратты талдауға және инвестициялық стратегияны таңдау үшін қаржылық өнімдерге бағдарлануға үйренеді. Жеке қаржыны басқару саласында білім дағдыларын алуға ықпал етеді.		ОН 3
<b>Базалық пәндер циклы ЖОО компоненті</b>				
9.	Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен қарым-қатынас тұжырымдамалары	Болашақ мұғалімдер заманауи психологиялық теориялар мен үлгілер, сондай-ақ тұлғаның қызметі және оның жеке қасиеттері туралы білімге ие. Олар бұл білімді әртүрлі білім беру мәнмәтінінде мұғалімдік қызметінде қолдана алады. Болашақ мұғалімдер білім беру үрдісінде диалогты, өзара әрекеттесуді және қарым-қатынасты дамыта отырып, білім алушылардың қолайлы дамуына ықпал етеді. Олар білім алушылардың отбасыларымен, сондай-ақ серіктестіктің басқа да түрлері шеңберінде қарым-қатынас жасауға, өзара әрекеттесуге және ынтымақтасуға және өздерінің педагогикалық қызметін дамытуға қолайлы жаңа өзара байланыстар жасауға қабілетті.	4	ОН11 ОН 12

10.	Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері	Болашақ мұғалімдер психиканың қалыптасуымен, оның қызметімен және даму заңдылықтарымен танысады. Болашақ мұғалімдер білім алушылардың дауымен бақылай алады және соған сай жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу үрдістерін жоспарлап, жүзеге асыра алады және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере алады. Болашақ мұғалімдер әр түрлі жағдайларда шығармашылық тұрғыда және жағдаятқа сай әрекет ете алады және жалпы білім беру мен білім алушылардың игілігін сақтай алады.	3	ОН 4
11.	Білім туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары	Болашақ мұғалімдер оқытудың әртүрлі теориялары мен педагогикалық үлгілеріне жетелейтін тұлғаның тұжырымдамалық бейнелері сияқты педагогика ғылымының негіздерін меңгереді. Теориялық тұжырымдамаларды түсіну негізінде болашақ мұғалімдер әртүрлі оқу жағдайларына сәйкес педагогикалық таңдау жасай алады.	3	ОН 11 ОН 12
12.	Педагогикалық зерттеулер	Бұл курс болашақ мұғалімдерге педагогикалық зерттеулердің теориялық негіздерін береді. Болашақ мұғалімдер түрлі сенімді көздерден теориялық білімді іздеу және сыни тұрғыдан іріктеу дағдысын меңгереді, педагогикалық ойлау мен практиканы дамытуда зерттеу нәтижелерін пайдалану дағдыларын қалыптастырады, зерттеулерге негізделген оқыту мен білім алуға, сондай-ақ осы дағдыларды үздіксіз дамытып, өздерін кәсіби тұрғыдан жетілдіруге ықпал етуге дайын болуы тиіс.	4	ОН 9 ОН 11
13.	Оқыту әдістері мен технологиялары	Болашақ мұғалімдер оқытудың стратегиялары мен әдістемелерін жан-жақты түсінеді және оларды нақты педагогикалық жағдайларға, мектептің нақты шарттарына және оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін инновациялық әдістермен жоспарлауда, оқытуда және бағалауда қолдана алады. Болашақ мұғалімдер білім беру үдерісінің әртүрлі кезеңдерінде қолайлы инклюзивті, физикалық және онлайн оқыту ортасын құра алады. Болашақ мұғалімдер оқу материалдарын жоспарлау кезінде авторлық құқық пен деректерді қорғау ережелерін түсінеді және қолдана алады. Болашақ мұғалімдердің дидактика, оқыту технологиялары мен оқушыларды ынталандыру әдістері бойынша қажетті білімдері бар, оқушыларға қажетті педагогикалық көмек көрсете алады.	5	ОН 6
14.	Психологиялық және педагогикалық бағалау (педагогикалық практика)	Болашақ мұғалімдерді білім беру мекемесінің тұтас педагогикалық үдерісінің ерекшеліктерімен таныстыру және білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету саласында талдау-рефлексивтік, зерттеу, жобалық және басқа дағдыларды қалыптастыру.	2	ОН 4 ОН 9 ОН 11

15.	Инклюзивті білім беру ортасы	Болашақ мұғалімдер оқыту үдерісінде білім алушылардың әртүрлілігін түсінеді, сондай-ақ олардың өмірі мен оқу жағдаяттарын ескеру мүмкіндігіне ие. болашақ мұғалімдер тиісті АКТ, үйретуші және көмекші технологияларды қолдана отырып, білім алушыларды оқытуды және оларды білім беру үдерісіне қосуда қолдайды. Болашақ мұғалімдер қауымдастықпен (мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар/қамқоршылар) ынтымақтастықта, психологиялық және этикалық тұрғыдан олардың әл-ауқатын қолдайды.	3	ОН 4
16.	Бағалау және дамыту	Болашақ мұғалімдер оқу үдерісінде бағалаудың мәнін терең түсінеді және оқу үдерісінің әртүрлі кезеңдерінде этикалық түрде конструктивті бағалауды қамтамасыз ете алады және білім алушыларды бағалауға тарта алады. Болашақ мұғалімдер бағалаудың әртүрлі технологияларын, принциптерін, кезеңдерін, өз білім саласын бағалау құралдарын (қалыптастырушы және жиынтық бағалауды, өзін-өзі бағалауды, өзара бағалауды және т.б. қоса алғанда) анықтайды, саралайды және пайдаланады. Олар бағалауға қатысты өздерінің түсініктері мен тәжірибелерін сыни тұрғыдан бағалауға, талдауға және оларды әрі қарай дамытуға қабілетті.	4	ОН 9 ОН 11
17.	Тарихты оқыту әдістемесі	Қазіргі мектеп талаптарын, жан-жақты дамыған саналы тұлғаларды дайындау міндеттерін назарға ала отырып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты оқытудың әдістерін, мазмұнын және ұйымдастырылуын ашып көрсетеді. Тарих пәні мұғалімі қызметінің теориялық және практикалық негіздерін оқытады, яғни болашақ мамандыққа деген қызығушылықты қалыптастыруға мүмкіндік беретін, оған дайындықты және оқытушының тұлғалық, кәсіби қасиеттерін көрсететін орта дайындайды.	5	ОН 4 ОН 11
18.	Оқытуды жоспарлау және дербес оқыту	Болашақ мұғалімдер өздерінің оқыту саласындағы білім беру бағдарламаларымен, сондай-ақ кәсіпкерлік пен тұрақты даму сияқты білім берудің белгілі бір деңгейін дамытудың педагогикалық қағидаларымен және қиылысатын тақырыптарымен таныс. Болашақ мұғалімдерде педагогикалық және өз бетінше ізденістерге негізделген оқыту технологияларын қолдану және оқыту үдерісіне оқушылардың жан-жақтылығын және инклюзия қағидаларын ескере отырып, оқытуды дараландыру дағдылары бар.	4	ОН 6 ОН 8

19.	Педагогикалық тәсілдер (педагогикалық практика)	Болашақ мұғалімдерді жан-жақты дамыту, практикада кәсіби біліктілікті жетілдіру және мұғалім (мектепке дейінгі мұғалім, бастауыш сынып мұғалімі, пән мұғалімі, сынып жетекшісінің көмекшісі/кураторы) ретінде жұмыс істеу үшін қажетті пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.	6	ОН 4 ОН 9
20.	Зерттеулер, даму және инновация	Қазіргі заман деңгейінде болу, өзін және жұмысын үнемі дамыту мүмкіндігіне ие болу үшін болашақ мұғалімдер зерттеуге негізделген жаңа білім алады және білім беру мен мұғалім кәсібін дамуына, әртүрлі желілерде оқытудың инновациялық тәсілдеріне, сонымен қатар білім алушыларды оқыту мен басқаруға қатысты зерттеулер жүргізеді. Болашақ мұғалімдер дамуға бағытталған ойлау тәсілін меңгереді, қоғамда және білім беру ортасында болып жатқан өзгерістер контекстінде оқытудың инновациялық тәсілдері мен технологияларын әзірлеуге, жаңартуға және қолдануға қабілетті.	5	ОН 6 ОН 11
21.	Білім берудегі зерттеулер және инновациялар (педагогикалық практика, 4-курс)	Курс болашақ мұғалімдердің өздерінің кәсіби қызметі мен жұмыс ортасын дамытуға көзқарастарын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, курс ынтымақтастық, мәселелерді шешу және көшбасшылық дағдыларын дамытуға бағытталған. Олар өздерінің педагогикалық және зерттеу дағдыларын тереңдетеді, сондай-ақ өз мамандануына сәйкес практикалық дағдыларды дамытады (дидактика).	15	ОН 4 ОН 9
<b>Бейіндеуші пәндер циклы</b> <b>ЖОО компоненті</b>				
22.	Ежелгі өркениеттер және антикалық әлем	Болашақ мұғалімдер біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырдың ортасынан I мыңжылдықтың ортасына дейінгі ежелгі өркениеттер тарихының ерекшеліктерін түсіндіреді; адамзаттың ежелгі тарихын өзара байланыста түсінеді және мәдени айырмашылығын мойындай отырып, оларға құндылық көзқарасын дамытады; дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады; әртүрлі ақпаратты сыни тұрғыдан талдай біледі. Курс тарихи мәселелерді шешу арқылы шығармашылық ойлауды және жаңа идеяларды тудыру дағдыларын дамытады.	5	ОН 1

23.	Археология	Пәннің мақсаты: археологиялық деректер негізінде ежелгі қоғамдардың пайда болуы, дамуы туралы білім беру. Курс студенттерге археологиялық қазбалардың әдістерін, далалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының әдістемелік амалдарын игеруге көмектеседі; ежелгі адамдардың даму эволюциясы, діни нанымдардың қалыптасуы, адамзат мәдениетінің, материалдық өндірістің, идеология мен дүниетанымның, қоғамдық қатынастардың даму кезеңдері туралы мәлімет береді.	4	ОН 7
24.	Мұғалім кәсібіне кіріспе (педагогикалық практика, 1-курс)	Бұл курстың мақсаты болашақ мұғалімдерді білім беру үдерісімен және білім беру ұйымдарындағы жағдаймен таныстыру, оларды болашақ кәсіби қызмет жағдайына бейімдеу болып табылады.	2	ОН 4 ОН 9
25.	Қазіргі зерттеулердегі пәнаралық тәсіл	Бұл курстың мақсаты – тарих пәні студентін пәнаралық көзқарас негізінде жобалық-зерттеу іс-әрекетіне теориялық және практикалық дайындау («Археология», «Этнология», «Деректану», «Мұрағат ісі», «Мұражай тану», «Академиялық жазу») және т.б.). Курсты оқу барысында ғылыми ұғымдар мен үдерістер туралы түсінік қалыптасады, зерттеу дағдылары жетіледі. Курстың нәтижесі – мұрағаттық және мұражайлық практика болып табылады.	4	ОН7
26.	Ежелгі Қазақстанның тарихы мен мәдениеті	Болашақ мұғалімдердің дүниежүзілік тарихтың бір бөлігі ретіндегі Қазақстан тарихы туралы, халықтардың Ұлы көші-қоны дәуіріндегі ежелгі халықтың, тайпалардың рөлі және олардың әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы түсініктері қалыптасады; Қазақ жері өркениеттерді байланыстыратын өзіндік «көпір» ретінде қарастырылады. Болашақ мұғалімдер рефлексия дағдыларын қалыптастырады, танымдық белсенділікті арттыру үшін әртүрлі құралдарды пайдалану туралы түсінік алады, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытады, әртүрлі жағдайларда ежелгі адамның ойлау тәсілі мен іс-әрекетін үлгілейді.	5	ОН 1
27.	Оқу практикасы (мұрағаттық, мұражайлық)	Бұл практика мұрағат ісін ұйымдастыру туралы білімді тереңдетеді, мұрағаттық қорларды ұйымдастыру және каталогтау қағидаларымен практикалық танысуды қамтамасыз етеді, қорларда жұмыс істеу, құжаттарды қабылдау және беру практикалық дағдыларын қалыптастырады. Болашақ мұғалімдер мұрағаттармен жұмыс істеуде зерттеу дағдыларын жетілдіреді, үлкен көлемдегі мұрағат деректерін одан әрі зерттеуге жарамды тарихи дереккөздер массивіне аудару үшін цифрлық ойлауды дамытады. Бұл тәжірибеден өту мұражай ісі туралы білімдерін жетілдіреді, мұражайдағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі	2	ОН 7

		бағыттарымен, оның ішінде ғылыми қорды құру, ғылыми экспозицияны құрастыру бойынша жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Тәжірибе барысында мұражайдың тарихи материалдарын, дереккөздерін және құжаттарын талдау және жіктеу жүргізіледі, дереккөздердің сенімділігі мен олардың тарихи құндылығы сыни тұрғыдан бағаланады; заманауи медиа өнімдерді қолдану дағдылары қалыптасады.		
28.	Оқу практикасы (археологиялық)	Болашақ мұғалімдер археологиялық ескерткіштер, археологиялық мәдениеттер туралы мәліметтерді жинауда білімдерін тереңдетіп, дағдыларын кеңейтеді. Далалық қазба жұмыстарын жүргізеді, археологиялық ескерткіштермен және материалдармен жұмыс жасайды, ескерткіштерді қазу әдістемесін талдайды. Бұл практикадан өту студенттердің далалық жағдайда ғылыми жұмыстарды жүргізудің практикалық дағдыларын қалыптастырады.	2	ОН 7
29.	Тарихнама	Курс фактілерді олардың интерпретациясынан ажырату қабілетін қалыптастырады, болашақ мұғалімге құжат авторының зерттеу әдістерін қаншалықты дұрыс таңдағанын анықтауға, мәтіндерді жазу себептерін талдауға және көрсетуге көмектеседі. Тарихнама тарихи жадының қалыптасуының қайнар көзі ретінде зерттеледі. Болашақ мұғалімде шығармашылық ойлауын, мәтіннің жазылу стиліне, сипатына қарай әртүрлі мәтіндерді салыстыра білу, құжаттың жасалу уақыты мен авторын анықтау дағдыларын жетілдіреді.	4	ОН 6 ОН 7
30.	Деректану	Курс тарихи дереккөздер жүйесінің дамуы, тарихи дереккөздердің әртүрлі түрлерін зерттеудің әдістемелік тәсілдері туралы толық түсінік қалыптастырады, метатанымдық дағдыларды дамытады. Болашақ мұғалімдер деректану категориялары мен тұжырымдамаларын талдауға, тарихи дереккөздермен жұмыс істеуге қажетті сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын жетілдіреді, цифрлық дағдыларды, деректерді басқару дағдыларын дамытады.	3	ОН 7
31.	Орта ғасырлардағы Шығыс және Батыс	Болашақ мұғалімдер Шығыс пен Батыс елдерінің даму кезеңдерін, мәселелері мен даму ерекшеліктерін зерттейді, негізгі тарихи оқиғаларға, соның ішінде Жаңа дүниенің ашылуы мен Ұлы географиялық ашылуларға баға береді; ортағасырлық Шығыс пен Батыстың әлемдік өркениеттер тарихындағы орны, сондай-ақ әлемдік діндердің даму тарихын зерттейді. Курстың негізінде жатқан пәнаралық тәсілдің арқасында студенттер жаңашылдық және бейімді ойлауды қалыптастырады, т.б. механикалық емес, ойлау,	4	ОН 2

		шешім қабылдау және жауап беру қабілеті, әртүрлі пәндердің тұжырымдамалық мазмұнын түсіну қабілетін қалыптастырады.		
32.	Этнология	Пән этнографиялық деректер мен зерттеу әдістерін, этнология ғылымының қалыптасу тарихын, этнологиялық мектептер мен әлем халықтарын классификациялау принциптерін, этнос теориясын, этногенез және этникалық тарихтың теориялық аспектілерін, мәдениет және этникалық психология негіздерін, этникааралық коммуникация, этникалық жанжал оны шешу және болдырмау жолдарының концепцияларын оқытады. Этнологияның теориялық және қолданбалы аспектілермен байланысты ұғымдарды меңгереді.	4	ОН 2
33.	Қосалқы тарихи пәндер	Курс әртүрлі көмекші, немесе арнайы тарихи пәндерді – тарихи хронология, топонимика, геральдика, нумизматика, фалеристика, ономастика және т.б. оқуды қарастырады, олардың пайда болу және даму тарихымен таныстырады. Болашақ мұғалімдер жаңа қабілеттер мен дағдыларды (хронологиялық және генеалогиялық кестелерді құрастыру, монеталарды жіктеу және т.б.) меңгереді, жаңа ақпараттың үлкен көлемін жеңе білуді, зерттеуде пәнаралық тәсілді қолдануды үйренеді.	4	ОН 3
34.	Академиялық жазу	Курсты оқу барысында болашақ мұғалімдер академиялық жазу саласындағы түсінік аппараты туралы білімдерін дамытады, ғылыми мәтіннің әртүрлі түрлерін (мақалалар, тезистер, рефераттар, эсселер, диплом жұмыстарын жазу; әртүрлі конкурстарға, конференцияларға қатысуға өтінімдер жазу) құрастыру, өз жұмыстарының презентацияларын дайындау бойынша практикалық дағдыларын дамытады. Болашақ мұғалімдердің логикалық, диалектикалық, аналитикалық, сыни тұрғыдан ойлау, оқиғалар мен құбылыстарды талдап, салыстыра білу, заманауи ақпараттық білім беру технологияларын пайдалана отырып, жаңа білімді меңгеру дағдылары қалыптасады.	5	ОН 5 ОН 10
35.	Ортағасырлық Қазақстанның тарихы, мәдениеті және құқығы	Курс VI – XVIII ғасыр басындағы Қазақстан тарихының мәселелерін дәйекті түрде зерттеуді көздейді. Болашақ мұғалімдер түркі тілдес дүниенің қалыптасуы мен оның Қазақстан аумағындағы этно-әлеуметтік-саяси үдерістерге ықпалын, Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалардың рөлін, Қазақ хандығының құрылуын және оның иран-түркі-қытай-славян әлемімен қарым-қатынасын, Моңғол империясы заңының қазақтарға әсерін зерттейді. Болашақ мұғалімдер тарихи	5	ОН 1

		дереккөздерді талдауға, себеп-салдар байланысын орнатуға, зерттеуге пәнаралық тәсілді қолдануға қабілетті. Курс икемділік пен бейімделуді, жаңа оқу дағдыларын меңгеру қабілетін дамытады.		
36.	Жаңа замандағы әлем (Шығыс)	Курс қазіргі замандағы Шығыс тарихына құндылық көзқарасты қалыптастырады; Шығыс өркениеттерінің әлем тарихындағы орнын анықтайды. Болашақ мұғалімдер Шығыс елдерінің дамуындағы айырмашылықтарды, олардың мәдениеті мен дүниетанымын түсінеді, яғни мәдениетаралық коммуникация саласындағы түсініктер қалыптасады. Болашақ мұғалімдердің тарихи мәтінмен жұмыс жасай отырып, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамиды; бастапқы және қосымша ақпарат көздерін талдау қабілеті арқылы ақпараттық құзыреттілігін арттырады.	4	ОН 1
37.	Жаңа замандағы әлем (Батыс)	Болашақ мұғалімдер Батыстың жаңа замандағы тарихын зерттейді; Батыс тарихына құндылық көзқарасын қалыптастырады; Батыс елдерінің дамуындағы айырмашылықтарды түсінеді, «өнеркәсіптік революция» ұғымын біледі және оның маңызын бағалайды. Курс сонымен қатар Батыс демократиясы (Ұлы Француз революциясы, Англиядағы демократиялық қозғалыстар) ұғымын қалыптастырады. Білім алушылар оқу үдерісінде алған білімдерін кәсіби іс-әрекетінде қолданады; Батыс өркениеттерінің дүниежүзілік тарихтағы орнын анықтайды. Болашақ мұғалімнің әртүрлі мәдени жағдайда жұмыс істеу қабілетін, ынтымақтастық дағдыларын, алға қойылған міндеттерді шешу қабілетін, топта шығармашылық қарым-қатынасты дамытады.	5	ОН 1
38.	Қазақ қоғамының трансформациясы: тарихи динамикасы	Курс әлеуметтік тарих және жаңа империялық тарих теорияларына сүйене отырып, жаңа замандағы (XVIII – XX ғ. Басы) Қазақстан тарихын зерттеу арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді. Курс XVIII – XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының өзгеруінің терең мәні мен маңызын анықтау қабілетін дамытады. Болашақ мұғалімдер қазақ қоғамының өзгеруіне әсер еткен тарихи үдерістерді талдау дағдыларын жетілдіреді; өз мәдениетінің құндылықтары мен наным-сенімдері мен басқа халықтардың мәдениеті арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсінеді; ғылыми жұмысты жазу кезінде қажетті әртүрлі дереккөздерді, соның ішінде фольклорды түсіндіреді және пайдаланады; мәдени аспектілердің елдің тарихи дамуына әсерін анықтайды және танымдық және метатанымдық дағдыларын дамытады.	5	ОН 1

39.	Қазіргі Қазақстандағы дін және құқықтық реттеу	Болашақ мұғалімдер діннің, әлемдік және негізгі ұлттық діндердің теологиялық анықтамасы туралы, діннің пайда болуының, дамуының және таралуының табиғи сипаты туралы, оның әлемдік мәдениетке енуі туралы түсініктерін жетілдіреді; «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, қазіргі Қазақстандағы конфессиялық қызметті реттейтін нормаларды оқып-үйрену, әлемнің алуан түрлілігін түсінеді. Курс қазіргі құқықтық және діни жағдайды қабылдауда құқықтық мәдениетті, икемді ойлауды қалыптастырады. Болашақ мұғалімдер өз мәдениеті мен әлемнің басқа мәдениеттерінің әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсініп, бағалай алады және өз шешімдері үшін әлеуметтік және этикалық жауапкершілікті көтереді.	4	ОН 2
40.	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Қазақ мемлекеттілігінің тарихи бастаулары мен сабақтастығы, Қазақстандағы кенестік реформалардың қайшылықтары мен зардаптары, Қазақстанның тәуелсіздік алуы мен экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі, әлеуметтік жаңғыру және ұлтаралық келісімді нығайтуға бағытталған, жаңа тарихи сана мен дүниетанымды қалыптастыру саясаты туралы білімдерді береді. Тарихи өткенге сыни қарап, дәлелді мағлұматтардың негізінде қазіргі қоғамдық мәселелерді шешу жолын түсіндіреді.	3	ОН 2
41.	Шығыстағы ұлттық тәуелсіздік үшін қозғалыс пен даму жолдарын іздеу	Болашақ мұғалімдер үлкен өзгерістер дәуіріндегі әлем, отаршылдық жүйенің күйреуі, шығыс өркениеттерінің даму ерекшеліктері, адамзаттың мәдени жетістіктеріндегі орны мен рөлі туралы білімдерін жетілдіреді, саяси, мәдени тарих бойынша білімдерін іс жүзінде қолдана алады, ауызша тарих әдістерін біледі. Зерттелетін кезеңдегі шығыс елдерінің дамуындағы экономикалық мәселелерді анықтау арқылы студенттердің экономикалық сауаттылығы қалыптасады; белгілі бір елдің экономикасы мен мемлекеттік саясатындағы өзгерістердің салдарын зерттей отырып, олар шығындарды бағалай алады; шағын топтарда жобалық жұмысты жүзеге асыруда өзара әрекеттесе отырып, зерттеушілік және коммуникативті дағдыларды дамытады; Жаңа дәуірдің маңызды мәселелерін түсіну, бағалау дағдыларын меңгереді.	4	ОН 1 ОН2
42.	Қазіргі әлемдегі Батыстың өркениетті дамуының ерекшеліктері	Қазіргі әлемдегі Батыстың өркениетті дамуының ерекшеліктері - Курсты оқу болашақ мұғалімдерге XX – XXI ғасыр басындағы дүниенің өзгеруінің негізгі тенденцияларын түсінуге; мәдени-тарихи қауымдастықтардың өзіндік ерекшелігі, жаһандану үдерістерінің пайда болуы мен дамуы, қазіргі Батыс	5	ОН 1

		өркениетінің дамуы жағдайында нақты тарихи мәдениеттің бірегейлігі туралы түсініктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Болашақ мұғалімдерде өзгерістерге төтеп беру, бүкіл адамзат тәжірибесінен үйрену, басқа адамның тәжірибесіне жауап беру қабілеттері қалыптасады. Жаһандық хабардар болу дағдыларын жетілдіріледі.		
43.	Қоғамтану	Курстың мақсаты – қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-саяси және құқықтық жүйенің қызмет ету негіздері, экономика мен рухани мәдениеттің даму тенденциялары туралы білім алу болып табылады. Курс болашақ мұғалімдердің бойында қажетті нәтижеге жету үшін қажетті шығармашылық ойлау түрін қалыптастырады. Болашақ мұғалімдер заманауи әлемнің әлеуметтік үдерістерін зерттеу үшін мақсат қоя алады, тапсырмалар мен жұмыс үдерістерін әзірлей алады. Пәнаралық әдістерді (тарих, антропология, мәдениеттану, экономика, география, саясаттану, психология және әлеуметтану) пайдалана отырып, студенттің шығармашылық ойлауы, қоғамдағы адамның іс-әрекетін зерттеу дағдылары қалыптасады.	3	ОН 2 ОН 3
44.	Мемлекет және құқық теориясы және тарихы	Курс әр түрлі тарихи кезеңдердегі мемлекеттік органдар мен құқықтық институттар туралы олардың барлық белгілерімен, саяси және құқықтық санаттар туралы, әрі қарайғы өмірге қажетті құқықтық білімдер туралы негізгі білімдерді қалыптастыруды көздейді. Болашақ мұғалімдер мемлекет пен құқықтың түрлері мен нысандарының пайда болуын, дамуын, өзгеру үдерістерін зерделейді, заң ғылымының заманауи жетістіктері негізінде құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейін, құқықты құрметтеуді қалыптастырады. Курс қазіргі жағдайды түсіну, қақтығыстардың алдын алу дағдыларын қалыптастырады.	3	ОН 2
<b>Бейіндеуші пәндер циклы</b> <b>Таңдау компоненті</b>				
45.	1)Жасанды интеллект негіздері	Пән жасанды интеллектті құру мен қолданудың негізінде жатқан негізгі ұғымдарды, әдістер мен алгоритмдерді зерттеуге бағытталған. Осы пән бойынша студенттер машиналық оқытудың теориялық негіздерін, нейрондық желілер, табиғи тілді өңдеу алгоритмдері және компьютерлік көруді үйренеді. Олар сондай-ақ өмірдің әртүрлі салаларында жасанды интеллектті қолданудың этикалық, әлеуметтік және құқықтық аспектілерімен танысады		ОН 3
	2)Қашықтықтан білім берудің әдістемесі мен технологиясы	Қашықтықтан оқыту және электрондық оқыту әдістерінің әдістемелік мәселелері қарастырылады, қазіргі заманғы білім беру тәжірибесін және алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе, ғылымның жетістіктерін ескеріп, қашықтықтан		ОН 4

		оқыту технологияларын қолдана отырып, оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктерін игереді.	5	
	3)Қолданбалы мінез-құлықты талдау негіздері	Пәннің мақсаты — Қолданбалы мінез-құлық талдауы (АВА) қағидаттарына сүйене отырып, деректер негізінде мінез-құлық функцияларын сыни талдау; инклюзивті білім беру ортасында жекелендірілген араласуларды жобалау және енгізу; олардың тиімділігі, қауіпсіздігі және этикалық сәйкестігін бағалау қабілетін қалыптастыру. Қалыптастыратын дағдылар: мінез-құлықты операцияландыру; деректерді жинау және талдау (АВС-талдау); функцияларды анықтау; мінез-құлықты қолдау жоспарларын әзірлеу және қолдану; функционалды эквивалентті балама мінез-құлыққа оқыту; дағдарыс жағдайларын басқару; нәтижелерді бағалау.		ОН4
	4) Көрнекі тарих	Курс бейнелер тарихы контекстінде тарихи шындықты қайта қарау туралы білімді қалыптастырады, мұнда «бейне» ұғымы визуализацияға негізделген, ал басты назар сезімдік тәжірибеге аударылады. Курс визуалды сауаттылықты, көрнекі ойлауды, технологиялық сауаттылықты, бейнелеу мәдениетін, бейнені қайта құру және түсіндіру дағдыларын қалыптастырады. Болашақ мұғалімдер көрнекі ақпаратты құжаттау әдістерін (бейне, фотосурет) және көрнекі құжаттарды қабылдау, талдау және түсіндіру технологиясын зерттейді. Болашақ мұғалімдер танымның сапалы әдістерін қолдану дағдыларын, көрнекі дереккөздерді (киноқұжаттар, теледидар, бейнежазбалар, фотоқұжаттар), көрнекі көздерді, ақпаратты өңдеу дағдыларын, ғылыми-зерттеу мақсатына жету үшін цифрлық және медиа технологияларды тиімді пайдалана білу дағдыларын жетілдіреді.		ОН 1 ОН 7
46.	1)Тарихи өлкетану	1)Болашақ мұғалімдердің туған өлкесінің тарихи және мәдени ескерткіштерін, материалдарын іздестіру және жобалау әдістемесін, өлкетану жұмыстарын жоспарлау және жүргізу әдістерін, экскурсиялық-далалық жұмыстарды ұйымдастыруды біледі; өз өлкесінің тарихы бойынша тәжірибелік зерттеу дағдылары мен құзыреттерін қалыптастырады.	5	ОН 1
	2)Тарихи география	2) Курс қоғам мен табиғаттың аумақтық ұйымдастырылуы, географиялық ортаның адамзаттың, оның ішінде өлке тұрғындарының мәдениетінің дамуына әсері туралы түсінік қалыптастырады. Курс кеңістіктік ойлау дағдыларын және оларды аналитикалық жұмыста қолдана білу дағдыларын жетілдіреді, кәсіби қызметте жаңа технологияларды тиімді пайдалану	5	ОН 1

		үшін технологиялық сауаттылықты дамытады. Болашақ мұғалімдер географиялық ақпаратты сыни тұрғыдан талдайды, сонымен қатар жекелеген тарихи орындардың тарихи-географиялық ерекшеліктерін анықтайды, шығармашылық қабілеттерін дамытады, компьютерлік модельдеуді пайдалана білу, диалог құру қабілетін дамытады.		
	3)Тарихи демография	3) Курс болашақ мұғалімдердің Қазақстандағы қазіргі демография ғылымының өзекті мәселелері туралы түсініктерін қалыптастырады.Болашақ мұғалімдер қазақстандық өткен демографиялық құбылыстар мен оқиғаларды адамзат қоғамының дүниежүзілік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен байланыстыра алады; цифрлық сауаттылықты, деректерді басқару дағдыларын дамытады, демографиялық жағдайды және дәлелді ақпаратты талдау негізінде аналитикалық және сыни ойлауды дамытады, сапалы және сандық әдістерді, демографиялық талдау мен болжауды пайдалана отырып, демографиялық ақпаратты өңдеу дағдыларын дамытады; топта және өз бетінше жұмыс істеу, ынтымақтастық атмосферасын құру, көшбасшылық қасиеттерді таныту қабілетін арттырады.	5	ОН 1
47.	1) Әлемдік діндер тарихы	1) Діндердің шығу тарихы кең мәдени-тарихи контексте қарастырылады: архаикалық, этникалықтан ұлттық және әлемдік діндерге дейін, олардың генезисі, ерекшеліктері, таралу географиясы; діннің негізгі тарихи формалары, олардың тарихи өзара байланысы және мәдениеттегі өзара байланысы; дін тарихы ғылымының негізгі категорияларын, мәселелерін ашады.	5	ОН 2
	2)Қазіргі әлемдегі интеграциялық және дезинтеграциялық үдерістер	2) Курс барысында болашақ мұғалімдер қазіргі замандағы интеграция және дезинтеграция үдерістері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейтеді, осы процестердің себептерін зерттейді және жаһандық және аймақтық деңгейде салдарын бағалайды; саяси, экономикалық, мәдени ынтымақтастықты дамытудағы халықаралық ұйымдардың маңызын; қазіргі халықаралық қатынастардың субъектісі ретіндегі Қазақстан Республикасының рөлі мен орнын талдайды. Болашақ мұғалімдер әртүрлі мәдени қоғамдар мен географиялық жағдайларда жұмыс істеу және әрекет ету қабілетін арттырады, әртүрлі адамдармен конструктивті қарым-қатынас жасайды, қарсыластың көзқарасын түсінеді және қабылдайды, мәдениетаралық қарым-қатынас шарттарын бағалайды.	5	ОН 1

	3) Дін әлеуметтануы	3)Болашақ мұғалімдер әлемдегі, оның ішінде Қазақстандағы діни институттардың негізгі кезеңдерін, даму беталыстарын және өзекті мәселелерін; дін әлеуметтануының негізгі ұғымдары, санаттары мен тұжырымдамаларын зерттейді. Курс әлеуметтік ақпаратты жинау және талдау әдістерін меңгеру дағдыларын қалыптастырады; әлеуметтік үдерістер мен әлеуметтік қауымдастықтар туралы деректерді өндіру, таңдау, өңдеу және талдау дағдыларын; мәдениет тарихы мен әлеуметтануындағы діннің әртүрлі пайдалы және теріс көріністері туралы, еркін ойлау мен діндарлықтың қазіргі жағдайы мен арақатынасы туралы, Қазақстандағы және әлемдегі діннің даму перспективалары туралы ақпаратты сыни тұрғыдан талдау дағдыларын қалыптастырады.	5	ОН 2
48.	1) Қазақ халқының ұлт-азаттық күресі	1) Қазақ халқының патшалық, Орта Азия хандықтары мен Кеңес өкіметі отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстарын зерттеу мәселелерін, зерттеудің әдіснамалық тәсілдерін қарастырады. Қазақстандағы халық көтерілістерінің себептері мен міндеттерін, олардың күрделі де қайшылықты сипатын ашады	4	ОН 1
	2) Алаш қозғалысының тарихы	2)Қазақ интеллигенциясының идеялары мен көзқарастарын, қазақ мемлекеттілігін қалпына келтірудегі алаш зиялыларының қызметін зерттейді. Ұлттық сананы, Отанға деген құрметті қалыптастырады; Алаш интеллигенциясы күресінің мысалында республика тәелсіздігін күшейту рухында жастарды тәрбиелеуге мүмкіндік береді.		ОН 1
	3) Қазақстанда ұжымдастыру	3)XX ғ. 20-30 жж. Қазақстанның аса күрделі әлеуметтік-экономикалық үрдістерін қарастырады, күштеп ұжымдастыру саясатына ғылыми негіздеме беріледі. Ұжымдастырудың сипаты мен мазмұнын; қазақ халқының дәстүрлі өмір салтының жедел түрде күйретілуінің мақсаты мен салдарын қарастырады.		ОН 1
49.	1)Қазақстанның зияткерлік тарихы	Болашақ мұғалімдер Қазақстандағы негізгі интеллектуалдық үдерістер туралы білімдерін жетілдіреді, адамның шығармашылық іс-әрекет формаларының алуан түрлілігінің маңыздылығын; жаңа идеялар мен концепциялардың пайда болу, даму және тарату үдерістерінің ерекшеліктерін түсіну қабілетін көрсетеді. Болашақ мұғалімдер қазақ ойшылдарының іргелі еңбектері мен зерттеулерін, қоғамдық-саяси, діни, тарихи-мәдени дереккөздерін зерттеп, талдап, талқылайды.	5	ОН 1
	2) Өткен дәуірдегі және қазіргі түркі өркениеті	2) Болашақ мұғалімдер түркі өркениетін көшпелі және отырықшы шаруашылық жүргізу тәсілдерінің өзара әрекеттесуі ретінде зерттейді, соның нәтижесінде түркілердің Еуразиядағы ерекше интеграциялық рөлі болды, бұл өркениеттің сәл		ОН 1

		басқа түрінің дамуына ықпал етті. Курс шеңберінде студенттерде түркі халықтары мен мемлекеттерінің дүниежүзілік-тарихи үдерістегі орны мен рөлі туралы тұтас көзқарас қалыптасады; болашақ маманның интеллектуалдық дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін түркі халықтары жинақтаған тарихи тәжірибені меңгеру негізінде тарихи ойлау мен әлеуметтік жадыны қалыптастырады.	
	3) Кеңестік Қазақстанның күнделікті тарихы	3) Курстың мақсаты кеңес адамының күнделікті өмірінің саласын, мінез-құлық нормаларына әсер ететін факторларды, күнделікті өмірдегі жеке тұлғаның әлеуметтік-саяси қалауларын зерттеу болып табылады. Курс кеңестік кезеңдегі қазақ қоғамының күнделікті өміріне қатысты әртүрлі ауызша, жазбаша және материалдық дереккөздерді зерттеу негізінде студенттердің зерттеушілік, мәдениетаралық құзыреттілігін дамытады. Курсты оқу барысында студент сыни тұрғыдан ойлау, рефлексия дағдыларын жетілдіреді, кейс-стади негізінде даулы жағдайларды сәтті шешу, қоғамдағы жағымды қарым-қатынастарды сақтау үшін әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды қалыптастырады. Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында студенттер ауызша тарих, экономикалық тарих, микро- және макротарих әдістерін қолданады, зерттеудің пәнаралық тәсілін танытады (этнология, Тарихи демография, антропология, мәдениеттану, әлеуметтік психология).	ОН 1

### 2.3 Білім беру бағдарламасының құрылымы

Білім беру бағдарламасының құрылымы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы)

### 2.4 Оқу үдерісінде пайдаланылатын инновациялық технологиялар мен оқыту әдістері

БВ01602-Тарих және қоғамтану (IP) ББ бойынша түлектердің түйінді құзыреттіліктері мен оқу нәтижелерін қалыптастыру мақсатында профессор-оқытушылар құрамы төмендегідей инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерін пайдаланады:

- Шағын топтарда (командада) жұмыс.
- Жобалау технологиясы.
- Нақты жағдайларды талдау (case study).
- Рөлдік және іскерлік ойындар.
- Модульдік оқыту.
- Контекстік оқыту.
- Сын тұрғысынан ойлауды.
- Проблемалық оқыту.
- Жеке оқыту.
- Озық дербес жұмыс.
- Пәнаралық оқыту.
- Тәжірибе негізінде оқыту.

- Ақпараттық-коммуникациялық.

Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, оқу процесін ұйымдастыру қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, онлайн режимінде немесе аралас форматта іске асырылуы мүмкін. Онлайн режиміндегі оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқытудың өзара іс-қимыл процесін көздейді: бейнеконференциялар (GoogleMeet, Skype, Discord, MOODLE, ZOOM, Google Classroom, Microsoft Teams, Hangouts, Cisco WebEx Meetings және т.б.).

## **2.5 Мүгедектігі бар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін білім беру бағдарламасын іске асыру шарттары**

Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар контингентінде ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғалар болған жағдайда білім беру бағдарламасы білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктеріне бейімделеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін олардың денсаулық жағдайын ескере отырып, "Дене шынықтыру" пәнін игерудің ерекше тәртібі белгіленеді. Денсаулығында мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін іс-тәжірибеден өту орындарын таңдау білім алушылардың денсаулық жағдайын және қол жетімділік талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады. ЖОО-да ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескереді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар олардың денсаулығын шектеуге бейімделген нысандарда баспа және (немесе) электрондық білім беру ресурстарымен қамтамасыз етіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу үшін үздіксіз және кешенді сипатқа ие жеке сүйемелдеу қарастырылған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды алып жүру білім беру үдерісінің мақсаттарымен, мазмұнымен және әдістерімен анықталады, қажетті құзыреттілікті уақтылы қалыптастыруға кедергі келтіретін білім беру бейімделуінің пайда болған мәселелерінің алдын алуға бағытталған.

Сүйемелдеу қамтиды:

- инклюзивтік оқыту жағдайындағы оқу процесінің кестесіне сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқуын бақылауға бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық сүйемелдеу;
- оқыту, қарым-қатынас және әлеуметтік бейімделуде проблемалары бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім алушының жеке басын зерделеуге, дамытуға және түзетуге және құзыреттілікті қалыптастырудың тәсілдері, психодиагностикалық әдістер, тұлғалық бұрмалауды психологиялық алдын алу және түзету көмегімен бағытталған;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың бейімделу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған міндеттерді шешуді көздейтін алдын-ала отырып, сауықтыра сүйемелдеу;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың табысты оқуына байланысты әлеуметтік сипаттағы міндеттердің кең спектрін шешетін әлеуметтік қолдау. Тұрмыстық мәселелерді шешуге, жатақханада тұруға, көлік мәселелеріне, әлеуметтік төлемдерге, материалдық көмек көрсетуге, бос уақытын, жазғы демалысты ұйымдастыруға, оларды студенттің өзін-өзі басқаруға, тартуға, еріктілер қозғалысын ұйымдастыруға және т.б. ықпал етеді.

## **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ**

### **3.1 Кадрлық ресурстар**

Білім беру бағдарламасы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2024 жылғы 05 қаңтардағы № 4 бұйрығына сәйкес педагогикалық және оқытушылық кадрлармен қамтамасыз етілген.

### **3.2 Материалдық-техникалық база**

Университет 3 оқу корпусымен, оқу-зертханалық кешенмен, кітапханамен, әскери кафедрамен, 3 жатақханамен, Балқаш көліндегі «Құлагер» оқу-сауықтыру полигонымен, «Қарлығаш» спорттық-білім полигонымен, 1000 орындық стадионмен қамтамасыз етілген. ББ материалдық-техникалық базасы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2024 жылғы 05 қаңтардағы № 4 бұйрығына сәйкес жасақталған

### **3.3 Ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету**

«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2024 жылғы 05 қаңтардағы № 4 бұйрығына сәйкес жасақталған.

### **3.4 Әлеуметтік ресурстар**

Өз біліктілігін арттыруға немесе қосымша білім алуға ниет білдірушілер үшін университетте біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы жұмыс істейді. Орталық базасында университет білім алушылары ағылшын тілі бойынша тегін тілдік дайындықтан өтіп, IELTS – ағылшын тілін білудің халықаралық деңгейін растау үшін емтихан тапсыруға дайындала алады.

Студенттер мен жас ғалымдардың кәсіпкерлік құзыреттерін дамыту үшін университетте Ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімі, Стартап Академия жұмыс істейді. Стартап Академия инновациялық және кәсіпкерлік қызметті дамыту және шағын және орта бизнес субъектілерінің санын ұлғайту үшін Жетісу облысы жастарының барлық қажетті инфрақұрылымын ұсынады. Академияда оқыту тренингтері мен семинарлар өткізіледі, стартап-жобаларды мақсатты іздеумен, іріктеумен және дамытумен, сондай-ақ стартаптарды дамыту мәселелері және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары бойынша консультациялық сүйемелдеумен, тәлімгерлікті ұйымдастырумен, сараптамалық қолдау көрсетумен, гранттық конкурстарды өткізумен айналысады. Оқудан бос уақытта білім алушылар спорт залдарында және бірнеше спорт түрлері бойынша секцияларға тегін қатыса алады. Бұл бағытта университеттің спорт клубы белсенді жұмыс жүргізеді, ол салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастырумен және насихаттаумен, еркін таңдалған спорт түріндегі қажеттіліктері мен қабілеттерін көрсету үшін білім алушыларды командаларға біріктірумен, дене шынықтыру-спорттық және сауықтыру іс-шараларын ұйымдастырумен және өткізумен, жастардың әртүрлі деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысуын ұйымдастырумен айналысады.

Университеттің спорттық базасында ұзындыққа секіруге, граната лақтыруға және жүгіру жолдарына арналған секторлар, стандартты футбол алаңы бар көпфункционалды стадион, бокс, гимнастика, күрес залдары және заманауи спорттық жабдықтармен жабдықталған тренажер залы кіреді. Университетте әлеуметтік өзара іс-қимыл, белсенді өмірлік ұстаным, азаматтық сана, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару, жүйелік-қызметтік сипаттағы құзыреттерді қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Университеттің әлеуметтік-мәдени ортасында студенттердің шығармашылық белсенділігін дамыту мәселелерімен Тәрбие және әлеуметтік жұмыс бөлімі және Жастар орталығы айналысады. Студенттердің жан-жақты шығармашылық қабілеттерін ашу мақсатында университетте Қазақстан халықтары Ассамблеясы кафедрасы жұмыс істейді; би және вокалдық-аспаптық ансамбльдер, студенттік театр, дебатерлер клубы, волонтерлік клубтар, КВН командалары, әдеби, зияткерлік клубтар, «Жасыл Ел» еңбек бірлестігі, «Жас қыран» қоғамдық полиция көмекшілерінің бірлестігі, «Ерлік» әскери-патриоттық клубы және т.б.

#### 4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралардың мазмұны	Іске асыру мерзімі	Жауаптылар
<b>Оқу-әдістемелік бағыт</b>			
1	Тарих пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін, дағдыларын, мәдениетін қалыптастыруға бағытталған пәндердің мазмұнын жаңарту	2025-2029	ББ жетекшісі, ББ даярлаушылар
2	Педагогикалық шеберлік орталығы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ұйымдастыратын курстарда біліктілікті арттыру.	2025-2029	ББ жетекшісі, ББ даярлаушылар
<b>Ғылыми-зерттеу бағыты</b>			
1	Тарих студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша ғылыми семинар өткізу	2025-2029	ББ жетекшісі, ПОҚ
2	Ұсыныс бойынша жобаларға қатысу	2025-2029	ББ жетекшісі, ББ даярлаушылар
<b>Тәрбиелік бағыт</b>			
1	Облыстық, республикалық мәдени іс-шараларға белсенділік таныту.	2025-2029	ББ жетекшісі, ПОҚ
<b>Біліктілік арттыру</b>			
1	«Өрлеу» БАҰО ұйымдастырған курстарда біліктілікті арттыру	2025-2029	ББ жетекшісі, ПОҚ
2	Семинар, тренингтарға қатысу.	2025-2029	ББ жетекшісі, ПОҚ
<b>Кәсіптік бағдар жұмысы</b>			
1	Тарих пәні мұғалімдерін даярлау бойынша еңбек нарығын зерттеу үшін Талдықорған қаласындағы білім беру ұйымдарының өкілдерімен семинар өткізу	2025-2029	ББ жетекшісі, ББ даярлаушылар
2	«Атамекен» рейтингтеріне қатысу, қорытындылар мен ұсыныстарға негізделген БББ әзірлеу	2025-2029	ББ жетекшісі, ПОҚ